

## Сабақ жоспары

**Сабақтың тақырыбы:** Сайтты жариялау

**Сабақтың мақсаты:**

- **білімділік:** HTML тілінің редакторы арқылы орындалатын операциялармен оқушыларды таныстырып, осы операцияларды практика жүзінде орындауға үйрету.
- **дамытушылық:** оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрету.
- **тәрбиелік:** оқушыларды ұйымдастырушылыққа, ізденімпаздыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Жаңа сабақты түсіндіру.**

Интернетте материалды жариялау тиімді болу үшін ол Web-дизайн ережелеріне сәйкес болу керек. Демек, Web-дизайн негіздерін білу кез келген мамандықта қажет болады, өткені Web-бет дизайны – бұл ақпараттық дизайн. Жұмыс екі бөлімнен тұрады, біріншісі теориялық: мәтінді форматтау, графиканы қолдану, тізім жасау, кесте құру. Ал екіншісі практикалық, бұл бөлімде дайын сайт жасап шығарылады.

Web-сайт бұл дүниенің кішкентай моделі. Бұрынғы кезде Web-сайты бір адам - Web-мастер жасаған болса, қазіргі кезде Web-сайттарды бірнеше адам жасайды. Олар Web-дизайнер, программист, бизнес-кеңесші, маркетинг бойынша басқарушы, менеджер. Web-сайт жасақтау жұмысын бірнеше кезеңден тұрады:

- Жоспарлау;
- Элементтерді жасақтау;
- Бағдарламау;
- Тестілеу;
- Жариялау;
- Жарнамалау;
- Бақылау;

Жоспарлау кезеңінде төменгі мәселелер шешілуі керек: 1. Сайттың орны. 2. Сайттың аудиториясы кімдер. 3. Қандай ақпарат жарияланады. 4. Қолданушылармен қарым-қатынас қандай түрде ұйымдастырылады. Элементтерді жасақтау кезеңінде сайттың программалық өнім түрінде жүзеге асырылуы қарастырылады: 1. Навигациялық құрылымын жасау. 2. Беттің дизайнын жасау. 3. Бетті толтыру үшін мәтіндік және бейне ақпаратты әзірлеу

**Өлшем**

Жақсы сайттар – тез сайттар. Басқаша айтқанда – сіздің сайтқа келушілік жүктелетін беттердің өлшеміне тікелей байланысты. Өзіңіздің жобаңызда күрделі графикаға көп көңіл бөлмеңіз. Бет неғұрлым ұзақ жүктелсе – соғұрлым қолданушылардың көбісі жүктелудің біткенін күтпей-ақ шығып кетеді. Идеал бойынша бір беттің өлшемі – 35 Кб. Бір беттің ең мүмкін болатын лимиті- 100 Кб. Өлшемі 35 килобайт болатын бет жақсы аналогты байланыста 10 секунд жүктеледі, ал T1 жылдам каналында 1 секунд. Егер сіздің беттеріңіздің өлшемі лимиттен асып кетсе, онда жақсы трафикті күтпеңіз.

**Ыңғайлы оқылу**

Сайтыңыздың беттерінің белгіленген еніне ұстаныңыз. Үлкен экраны бар қолдаушыда сайт экранның барлық бөлігін қамтымайды деп қорықпаңыз. Басқасы жаман. Егер сіздің

сайтыңыдың ені браузердің терезесінің өлшеміне пайыздық қатынаспен тәуелді болса, онда сол экран үлкен қолданушы ұзақ қатарларды оқу үшін ары-бері басын қимылдататын болады. Мұндай оқу шаршатады. Егер қолданушы мәтінді оқуға шамасы жетпесе, қалғанының бәрінің – дизайн, тез жүктелу, ақпараттық толу – ешқандай керекгі болмайды. Мәтіннің түсініктілігі анықтауыш фактор болуы керек. Қолданушылардың көбісі мәтінді керткен таңбалармен оқығанды қалайды (мысалы, Times New Roman), ал коментарилер мен қол қоюға арналған мәтін бөлінген шрифт түрінде жақсы қабылданады (мысалы, Arial).

### Рәсімдеу

Мәтін мен ол жазылған фон максималды контрасты болуы керек. Көптеген берік сайттар ақ фонға және қара мәтінге ұстанады. Сондай-ақ қара фондағы (негатив) ақ мәтін жақсы қабылданады, бірақ бұл жағдайда бұл қолданушының көңілінің бөлінуіне, осыдан оқуды баяулауға алып келеді. Және МӘТІНДІ ҮЛКЕН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗУДЫҢ КЕРЕГІ ЖОҚ. Мұндай мәтінді оқу кіші әріптерді оқуға қарағанда 15% баяу болады, себебі бірде биіктікке ие символдарды оқу қиын болып табылады.

### Практикалық жұмыс.

#### Сайтты Жариялау

Сайтымызды жасап, тексеріп болғаннан кейін оны қолданушыларға ұсыну үшін сайтты жариялаймыз. Сендерге сайтты жариялау үшін екі әрекет жасау керек:

- сайтқа жеке атау – домен беру
- сайтты қандай да бір серверге орналастыру (хостинг пайдалану)

1. **Тапсырма:** Төменде көрсетілген кодты «Блокнот» стандартты бағдарламасында орындаңыз. Нәтижесін суретпен салыстырыңыз.

1. Блокнотты ашу жолы- Пуск – все программы – стандартный – Блокнот – тапсырманы блокнота орындау.

```
<BODY BGCOLOR="#FFFFFF" TEXT="#000000" LINK="#0000FF"
VLINK="#800080"ALINK="#FF0000" BACKGROUND="Images\background.gif">
<IMG SRC="mypicture.JPG" ALIGN="LEFT" WIDTH="150"HEIGHT="223" HSPASE="5"
A1_T="mypicture.JPG">
<!DOCTYPE HTML PUBLIC "-//W3C//DTD HTML 3.2//EN"><HTML><HEAD>
<TITLE>Моя домашняя страничка</TITLE></HEAD>
<BODY BGCOLOR="#FFFFFF" TEXT="#000000" LINK="#0000FF"
VLINK="#800080"ALINK="#FF0000" BACKGROUND="Images\background.gif">
<H1 ALIGN="CENTER">ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ НА МОЮ ДОМАШНЮЮ
СТРАНИЧКУ!</H1><BR>
<IMG SRC="mypicture.JPG" ALIGN="LEFT" WIDTH="150"HEIGHT="223" HSPASE="5"
ALT="Это моя фотография">
<P ALIGN="JUSTIFY">
```

**Ескерту:** жұмыс барысында (**mypicture.JPG**) белгіленген жирным шрифтом өзіңіздің фото қойыңыз. Бір папкада жұмыстарыңызды сақтау керек.

2. Тапсырманы өз атымен сақтау керек (мысалы: сохранить как - сайт.html).
3. Үлгі бойынша web браузер парағы шығуы керек.

## **2. Сабақты бекіту: сұрақтарға жауап беру:**

1. Web-сайтты жасау жолдары қандай?
2. Web-сервер деген не?
3. Хостинг деген не?
4. Web программалау дегеніміз не?
5. Оны қандай мақсатта қолданылады?
6. HTML тілінің атқаратын қызметі қандай?
7. Сайтты жоспарлау кезеңдері қандай?
8. Сайтты жариялаудың қандай тәсілдері бар?
9. Web сайт жасақтау жұмысы қанша кезеңдерден тұрады?

Үй тапсырмасы – қайталау.